

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 20 желтоқсан

Студенттік жұмыстар байқауының қорытындысы

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері арасында - «Болашағың өз қолыңда!/Твое будущее в твоих руках!» атты тақырыпта өткен студенттік жобалар байқауының қорытындысын шығарды. Бұл шараға барлық ниет білдіруші студенттер, мамандықтары мен оқыту нысанына қарамастан қатысуға мүмкіндік алды. Байқау Жастар жылы аясында өтті және Қазақстанның барлық қалаларында оған деген қызығушылық жоғары болды.

Қатысушылар жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы кең көлемде хабар тарату үшін әр түрлі шешімдер және зейнетақы шоттарына жарна аударудың түрлі әдістерін ұсынды. Басқа да түрлі идеялар келіп түсті. Алайда ұсынылған жұмыстардың барлығы байқау шартына сәйкес дайын және тиімді шешім болуы тиіс. Өкінішке қарай, барлық талаптарға сай келетін жоба табылмады. Байқау комиссиясының барлық мүшесі студенттердің жұмыстарында тиянақтылық, терең талдау және құрылымдылық жетіспегенін атап өтті. Бұл ретте комиссия мүшелері шығармашылық тәсілдемеге және студенттердің ерекше шешімдеріне баса назар аударды. Ұсынылған жұмыстар болашақта Қордың ақпарат беру-түсіндіру жұмыстарында қолданылуы мүмкін. Ең бастысы бұл байқау болашақ салымшыларға зейнетақы капиталын қалыптастыру қажеттігін және өз болашағы үшін өздері жауапты екендігін түсінуге септігін тигізеді.

Комиссия мүшелері әрбір студенттің байқауға өте жауапкершілікпен қарағанын ескере отырып, анағұрлым қызықты жобаларды сыйлық сертификаттармен және байқауға қатысқаны туралы сертификаттармен марапаттау туралы шешім қабылдады.

Осылайша мына студенттерге сертификаттар табыс етіледі.

Қазақ тіліндегі жұмыстар бойынша:

1. **Жәнібек Қаниятов, Алматы қ., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Философия және саясаттану» факультеті (2 курс);**
2. **Айман Айнабек, Шымкент қ., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, «Басқару және бизнес» жоғары мектебі (3 курс);**
3. **Нағима Жұмағали, Алматы қ., Тұған университеті, «Қаржы» факультеті (3 курс);**
4. **Айдана Зейлбек, Алматы қ., Тұған университеті, «Қаржы» факультеті (3 курс);**
5. **Бекайым Орынбай, Алматы қ., Тұған университеті, «Қаржы» факультеті (3 курс);**
6. **Алтынай Камидоллаева, Алматы қ., Тұған университеті, «Қаржы» факультеті (3 курс).**

Орыс тіліндегі жұмыстар үшін:

7. **Айгерим Ахимова, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті (3 курс);**
8. **Злата Моссоян, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті (3 курс);**
9. **Мақпал Зарипова, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті (3 курс);**
10. **Айым Борашева, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік ғылымдар» факультеті (3 курс);**
11. **Қымбат Нұржан, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Экономика» факультеті (3 курс);**
12. **Лаура Қазтаева, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Экономика» факультеті (3 курс);**

13. Аружан Кажина, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Экономика» факультеті (3 курс);
14. Димзухра Рахмедуллаева, Нұр-Сұлтан қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Экономика» факультеті (3 курс);
15. Данияр Сейітқалиев, Орал қ., Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, «Қаржы» факультеті (4 курс).

Барлық жүлдегерлер мен қатысушылар «БЖЗК» АҚ облыстық филиалдарында марапатталатын болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

